<p><b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )</b></p>	<p><b>Пед жет ойын:</b>                      «Өзім және отбасым»  <b>Мақсаты:</b> Отбасын дағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсіне отырып, отбасы мүшелерін сыйлауды үйренеді. 4К моделі, бала үні.</p>	<p><b>Достық</b>                      Ортақ мекен жер шары,                      Төбемізде бір аспан.                      Барлық ұлттың баласы,                      Достығымыз жарасқан                      Құрлымдалған ойын:                      «Пейзажды құрастыр» <b>Мақсаты:</b>                      Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы түсіндіреді.</p>	<p><b>Пед жет жұмыс:</b>  <b>Тақпақ жаттау.</b>  <b>Отан Е.Өтетілеуұлы</b>                      Отан деген -                      Атамекен,                      Отан деген - туған жер.                      Отан - ана, Отан - үлкен,                      Қазақстан - туған ел.                      Құрлым қимылды ойын:                      «Аралар»  <b>Мақсаты:</b>                      балалардың зейінің,есту қабілетін дамытады.</p>	<p><b>Санамақ</b>                      Бір үйде біз нешеуіміз?                      Кел санайық екеуіміз.                      Бас бармағым - атам,                      Балан үйрек - апам,                      Ортан терек - әкем,                      Шылдыр шүмек - анам,                      Кішкентай бөбек - мен.                      Біз үйде нешеуіміз?                      Біз үйде – бесеуіміз                      Пед жет ойын:                      «Тату-тәтті отбасы»  <b>Ойын мақсаты:</b>                      үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.</p>	<p>Құрлымдалған ойын:                      «Ойыншыққа суреттерді табыңыз»  <b>Ойынның мақсаты:</b>                      Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауға үйретеді.</p>
<p><b>Таңертеңгі гимнастика</b></p>	<p><b>Қазан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымшада тіркелген.</b>  <b>Мақсаты.</b> Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйретеді.</p>				

	<p>Қазан айы(құралмен)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бір тізбекке тұру, жүру. Қолдарында сылдырмақ. Тоқтап, сылдырмақты сылдырлату.</li> <li>2. Сылдырмақпен жүгіру. Оң және сол аяқпен топылдату. Сылдырмақты артқа жасыру.2 рет.</li> <li>3. Шеңберге тұру.</li> <li>4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолды түсіріп ұстау, қолда сылдырмақтар. Қолдарын екі жанға созып, сылдырмақты сылдырлату, қолдарын төмен түсіру. 4-6 рет қайталау.</li> <li>5. Б.қ.: қайталау. Аяқтарды айқастыра отыру.Сол жанға артқа бұрылып, сылдырмақты артқа қою, сол жақпен қайта бұрылып, сылдырмақты алу. Соны оң қолмен қайталау. 4-6 рет қайталау.</li> <li>6. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты қосып, қолдарын түсіру. Алға еңкейіп, сылдырмақты сылдырлату, б.қ. оралу. 5-6 рет.</li> <li>7. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Тізені бүге аяқты кеудеге тигізіп, тізеге сылдырмақты соғу, ”тук, тук” деп айту. 4-5 рет.</li> <li>8. “Құлыншақтар”. Алға қарай секіре жүру.</li> <li>9. Жай жүру.</li> </ol>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау</b></p> <p><b>Ойын- жаттығу :</b></p> <p>Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.</p> <p><b>Сиқырлы сөз:</b> "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелейді.</p>
<p><b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b></p>	<p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды.</p>

<p><b>1. Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Мол өнім  Ресурстар: көкөністердің жемістердің муляждары, себет, қуыршақ, көкөніс суреттері, АҚТ технол.  Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.  <b>Мнемотехника әдісі</b>  Суретке карап күзде қандай өзгерістер болатынын айтады. Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні.  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  Хатшы хат әкеледі.  <b>Ой қозғау</b>  Хат кімнен келді?  Айгүл көмекке шақырыпты.  Айгүлге немен барамыз ?  <b>Сиқырлы сөз:</b></p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме).  Ресурстар: Отбасы суреті, дид материалдар, АҚТ технол  Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <b>Үнтаспадан</b>  «жарығым», «ботам», «кұлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдатады..  Ашық сұрақтар  Балалар, қалай ойлайсындар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?  -Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?  Үдеріс арқылы саралау, бала үні,</p>	<p><b>1. Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Өртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу.  Ресурстар: Дидактик материалдар.  Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  Балалардан жыл мезгілін, ай атын, апта күнін сұрайды.  Сыни ойлау, бала үні.  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  Білмеспек келеді.  Қолында қорап.  Қорапты ашып көрейік. Ішінде таспасы бар қорапты үстелге қою.  Өнім арқылы саралу.  <b>Салыстыру.</b>  Құрлымдалған ойын: «Ұзын-қысқа » (екі жолақ қағаз: жасыл – 20 см, ақ –15 см).  Балалар орындарында отырып салыстырады.</p>	<p><b>1. Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Фрукты»  <b>Цель:</b> обучение словам, обозначающим признак предмета – величину.  <b>ХОД ОУД</b>  1. Организационный момент  Сюрпризный момент: приходит Балапан с корзинками: в одной – овощи, в другой – фрукты.  Балапан здоровается с детьми.  Дети проявляют интерес к приходу Балапана, здороваются с ним.  Балапан спрашивает: «Какое сейчас время года?»  Дети называют время года Осень.  Балапан сообщает детям, что осень прислала для ребят подарки.  Обращает внимание на корзинки, их содержимое.</p>	<p><b>1.Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Жанұя мүшелері.  Ресурстар: Отбасы суреттері, күн,гүл,ағаш суреттері әр балаға  Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.  <b>Оқу қызметінің барысы:</b>  <b>Миға шабул</b>  Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»  <b>Жұмбақ</b>  Маған да, саған да,  Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын.  Оңға оқы, солға оқы.Өзгермейді еш онда.Бәрі- де өз жұртың.  Айтады, қане кім атын?  -Ендеше бұлардың барлығын біз қалай айтамыз?</p>
---	--	--	---	---

<p>Қәне, қәне, айтайық Айя бағына, барып қайтайық! Көзімізді ашайық. Айгүлге кездесу. Амандасады. Айгүл бау бақшадағы жеміс пен көкөністерді ажыраталмай жатыр екен. Көмектесеміз бе? Бала үні. <b>Балаларға көкөністер мен жемістер туралы АҚТ технологиясынан көрсету, түсіндіру.</b> Айгүлге көмек Құрлымдалған ойын: «Көкөніспен жемістер» <b>Шарты:</b> Көкөніс пен жемісті сипаттауы бойынша тауып, себеткек муляждарды жинайды. <b>Сергіту сәті</b> Алма баққа барамыз, (Бір орнында жүреді,</p>	<p>сыни ойлау. Балаларды мадақтау. <b>Суретпен жұмыс.</b> «Отбасы.» <b>Кубизм әдісі.</b> Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді. Құрлымдалған ойын: «Кім екенін тап?» Шарты: Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым- ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр. <b>Шығармашылық орталығындағы жұмыс.</b> Оқу ортасы арқылы саралау. <b>Топқа бөлу.</b> <b>1-топ</b> Құрлымдалған ойын:</p>	<p>Құрлымдалған ойын: «Құлыншақты дұрыс қой» Үлестірмелі материал: (жолақтар: қызыл – 10x3 см, көк – 15x3 см, 4 құлыншақ). Қай жолақ қысқа, ал қайсысы ұзын екенін салыстырып көріңдер. Қысқа жолаққа бір құлыншақты, ал ұзын жолаққа көп құлыншақты қоюларын ұсыну – Бір құлыншақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? - Көп құлыншақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма? Балалардың жауаптары. <b>Пед жет ойын: «Жете ме» Тақтамен жұмыс.</b> үш аю бейнеленген суретке және екі бөшкесі бар тәрелкеге көңіл аудару. -Қонжықтарға бөшкелер жетті ме? -Қайсысы көбірек – қонжықтар ма, әлде</p>	<p>Создание проблемной ситуации: Дети слушают Балапана, проявляют интерес и желание узнать, рассказать, какие подарки спрятались в корзинках. <b>2. Основная часть</b> Игровая ситуация «Что в корзинке?» Балапан достает из корзинки овощ и спрашивает: – Что это? Дети называют: – Это лук. Дети проговаривают слово «лук» хором, затем индивидуально. – Что это? Дети называют: – Это огурец. Дети проговаривают слово «огурец» хором, индивидуально. – Что это? Балапан показывает морковь. Дети называют: – Это морковь. Дети проговаривают слово «морковь» хором,</p>	<p><b>АКТ технологиясымен жұмыс .</b> <b>Отбасы туралы түсінік беру.</b> <b>Сергіту сәті.</b> Бас бармағым әкем. Балан үйрек шешем. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек апам Кішкене бөбегім мен. <b>Пед жет ойын:</b> «Отбасынды неге теңейсің?» <b>Ойынның шарты:</b> Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе, сол суретті көтеріп көрсетеміз. Құрлымдалған ойын: «Ретімен орналастыр» Шарты: Суреттен отбасы мүшелерін ретімен қоя білу. <b>Қорытындылау :</b></p>
---	---	---	---	--

<p>қолдары белдерінде) Алма теріп аламыз, (Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды). Ең үлкен алманы (құлаштарын сермеп, алманың үлкендігін көрсетеді). Анамызға сыйлаймыз. (алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды). Балаларды мадақтау. <b>Сиқырлы сөз:</b> Қәне, қәне айтайық, Бақшамызға қайтайық. <b>Қорытынды.</b></p> <p><b>2. Дене шынықтыру.</b> <b>1. Мақсаты:</b> Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру, гимнастикалық орындық үстімен</p>	<p>«Мен және менің жақындарым» Шарты: Өзіне ұнаған суретті ірікпен алып, отбасы тақырыбында коллаж құрастыру. <b>2- топ</b> Құрлымдалған ойын: «Әдемі үйлер» Шарты: Әр түрлі үйлерді құрастырады. <b>Сұрақ – жауап</b> – Бүгін не үйрендік? -Қандай тақырыпта әңгімеледік? Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. <b>Шапалақ әдісі</b> арқылы қорытындылау. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.</p> <p><b>1. Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Отбасым Ресурстар: отбасы суреті, бояу, қылқалам, қағаз,</p>	<p>бал салынған бөшкелер ме? -Олар бірдей болу үшін не істеу керек? -енді қанша бөшке болды? -Қайсысы көбірек: қонжықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме? Үдеріс арқылы саралау, Сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау. <b>Саусақ жаттығуы:</b> «Отбасым». Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз: Ата, әже, әке, шеше, мен. Алақай! Біз бесеуміз Бала үні. <b>Қорытынды.</b> 3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылайды. <b>2.Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> Машина <b>Ресурстар:</b> ермексаз, тақтайша үлгі, АҚТ технолог <b>Әдіс-тәсілі:</b> 4К ,бала үні, жанама бақылау,</p>	<p>индивидуально. Лук, огурец, морковь – это овощи. Закрепляют слово «овощи». Педагог предлагает Балапану достать и показать, что прячется в другой корзинке. Балапан обращается за помощью к детям. Один из детей достает фрукт. Балапан спрашивает: – Что это? Педагог называет: – Это яблоко. Просит проговорить: «Это яблоко». Дети слушают, как называется фрукт. Проговаривают слово «яблоко» хором, затем индивидуально. Один из детей достает следующий фрукт. – Что это? Педагог называет: – Это груша. Просит проговорить: «Это груша». Дети проговаривают слово «груша» хором и индивидуально. Предлагает детям</p>	<p><b>Сұрақтар ілмегі.</b> Кімдер туралы әңгімелестік? Бас бармақ әдісі қорытындылайды.</p> <p><b>2.Дене шынықтыру</b> Ресурстар: Отбасы суреті,кубик, желім,қайшы, түрлі түсті карандаштар. Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау. <b>І.Кіріспе бөлім.</b> Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтайды. Жетелеуші сұрақтар Бала үні.</p>	
---	--	--	--	---	--

	<p>жүріп келіп,бір орнында баяу айналу дағдыларын жасайды.</p> <p><b>Ресурстар:</b> жіңішке арқан, гимнастикалық тақтайша.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі:</b> командада жұмыс жасау, <b>саралау:</b> үдеріс арқылы саралау, <b>бақылау:</b> жалпылама, тікелей, <b>Ұйымдастыру кезені.</b> Балалармен амандасу</p> <p><b>1 бөлім.</b> Баған бойынша бірінен соң бірі жүру. Педагог нұсқауымен: «Тышқандар!» ұсақтауға арналған қадаммен ауысу, енді тұрақты серуендеу. «Жылқылар!» - жүгіру, тізені жоғары көтеру, қалыпты жүгіріске</p>	<p>су, әр түрлі карандаштар.</p> <p>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.</p> <p><b>Оқу қызметінің барысы:</b></p> <p>Пед жет ойын: «Сұрақ-жауап» Жыл мезгілі, ай атын, апта күнін сұрайды.</p> <p>Бала үні, сыни ойлау.</p> <p><b>Ой дамыту. Суретпен жұмыс</b></p> <p>Балалар суреттен кімдерді көріп тұрсындар? - Бір сөзбен қалай атауға болады?</p> <p><b>Топқа бөлу.</b></p> <p>Оқу ортасы арқылы саралау.</p> <p>Ата, әже суреттері арқылы топқа бөліну.</p> <p>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету, түсіндіреді.</p> <p>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы.</p>	<p>өнім арқылы саралау.</p> <p><b>Оқу қызметінің барысы</b></p> <p><b>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»</b></p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды. (машина)</p> <p><b>Ой дамыту. АКТ технол жұмыс.</b></p> <p>Көліктер туралы түсінік береді.</p> <p>Енді, балалар мына суретке назар аударындар, қане айтындаршы мынау қандай машина? Көлік түрлерінмен таныстыру.</p> <p>1. Әуеде ұшатын көліктер: 2. Суда жүзетін көліктер: 3. Жерде жүретін көліктер: 4. Темір жол көліктер:</p> <p><b>Пед жет ойын :« Дауысынан тап »</b></p> <p>Шарты: Үнтаспадан көлік түрлерінің : пойыздың гудогі,</p>	<p>взять из корзинки по одному фрукту, назвать свой фрукт и снова положить в корзинку. Дети берут из корзинки по фрукту. Каждый ребенок называет свой фрукт и возвращает его в корзинкуД/игра «Разложи по корзинкам».</p> <p>Рассмотреть корзинки: одна маленькая, другая большая. В маленькую положить маленькие яблочки, а в большую – большие яблочки. Дети раскладывают яблочки по величине и называют их в соответствии с размером: яблочки, яблочки.</p> <p><b>3. Рефлексия</b></p> <p>Педагог подводит итог, поощряет детей. Балапан прощается с детьми.</p> <p><b>3.Дене шынықтыру.</b></p> <p>Ресурстар: Отбасы суреті,кубик, желім,қайшы, түрлі</p>	<p><b>Негізгі бөлім:</b></p> <p><b>Жалпы дамыту жаттығулар:</b></p> <p><b>Доппен жаттығу.</b></p> <p>1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту.</p> <p>2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын «көрдім» деп айтады.</p> <p>3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземен кезек қайталау. /</p> <p>4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда.</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>ауысу. Жүру және жүгіру жаттығулары кезектесіп өтеді.</p> <p><b>2 бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Кішкене құрсаумен</b></p> <p>1. Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен алшақ, екі қолда құрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.к.(5 рет).</p> <p>2. Б.Қ. - аяқтар аяқтың ені бойынша, құрсау екі қолда кеудеде. Отыру, алға шеңбер жасау. Жоғары көтеру, бастапқы қалып (5 рет).</p> <p>3. Б.Қ - отыру, аяқтар алшақ, екі қолда құрсау төменде құрсауды жоғары көтеру; алға еңкею, құрсаудың жиегін еденге тигізу. Түзулену б.к</p> <p>4. Б:Қ арқамен жату, құрсау бастан</p>	<p>Балалардың өз бетінше жұмыстары.</p> <p><b>1-Топ</b> Ата. Ұл бала суретін салады.</p> <p><b>2-Топ</b> Әже Қыздың суретін салады</p> <p>Жанама бақылау, сыни ойлау, креативтілік.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір.</p> <p>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»</p> <p><b>Галереяны шарлау әдісі.</b> Бірін бірін бағалау. Бас бармақ әдісі арқылы.</p> <p><b>Қорытынды.</b> Балаларды мадақтау.</p>	<p>мотоциклдің, жүк машинаның дыбыстары естіледі.</p> <p><b>Тақырып бойынша жұмыс.</b></p> <p><b>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.</b> Тазалық, ұқыптылық, қауіпсіздік туралы ескертеді.</p> <p><b>Құрлымдалған ойын:</b> «Мен жүргізушімін»</p> <p>Шарты: Әр бала өзіне машина мүсіндейді.</p> <p><b>Өз беттерінше жұмыс.</b> Қадағалау, көмек көрсету.</p> <p>Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды, жанама бақылау.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Бип, бип дейді Жолдан былай кет дейді Күшікті басуға ,басуға Болмайды ,болмайды ,машина Бип,бип,бип Жеке көмек.</p> <p>Құрлымдалған ойын «Көрме»</p>	<p>түсті карандаштар. Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.</p> <p><b>I.Кіріспе бөлім.</b> Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау)</p> <p>.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтайды. Жетелеуші сұрақтар Бала үні.</p> <p><b>Негізгі бөлім:</b></p> <p><b>Жалпы дамыту жаттығулар:</b></p> <p><b>Доппен жаттығу.</b></p> <p>1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту.</p> <p>2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын «</p>	<p>Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау.</p> <p>5. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру.</p> <p>Қорытынды: <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. 4 к моделі, бала үні</p> <p>Мазмұн арқылы саралау</p> <p><b>Негізгі қимыл-жаттығулары:</b></p> <p>1. Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүру</p> <p>2.Қос аяқпен секіру.</p> <p>Жаппай бақылау, бала үні</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> Торғайлар мен мысық</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>жоғары. Аяқты тік көтеру, тізені құрсауының жиегіне тигізу. Аяқты төмен түсіру, б.к. (4 рет).  5. Б.Қ - құрсаудың алдында тұру, аяқ сәл алшақ, қолдар белде. құрсаудың айналасында аяқпен секіру Секіру арасында кішкене кідіріспен (2-3 рет). Тікелей бақылайды.  <b>Қимыл-қозғалыс жаттығулары</b>  1. Жол бойымен еңбектеу.  2. Гимнастикалық орындық үстінен түзу жүріп өту.  <b>4 к моделі, бала үні</b>  Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау  <b>Еркін ойын:</b>  <b>«Ұядағы кішкентай торғайлар»</b>  Ойын 3 рет қайталанады.</p>		<p>Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру, бағалау. Галерея шаралау. Өзара бағалау әдісі арқылы қорытындылайды. Балаларды мадақтау.</p>	<p>көрдім» деп айту.  3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземен кезек қайталау. /  4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау.  5. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру.  Қорытынды:  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  «ұйқыдағы мысық»  «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.  4 к моделі, бала үні  Мазмұн арқылы саралау  <b>Негізгі қимыл-жаттығулары:</b>  1. Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүру  2. Қос аяқпен секіру.  Жаппай бақылау, бала</p>	<p>Командада жұмыс. Қортынды. Балаларды мадақтау.</p>
--	---	--	---	--	---



	Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау Қортынды Балаларды мадақтау. <b>3.Музыка</b> (маман жоспары бойынша)			үні <b>Қимылды ойын:</b> Торғайлар мен мысық Командада жұмыс. Қортынды. Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . <b>Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»</b> Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу				
Серуен:	<b>Картотека № 1</b>	<b>Картотека № 2</b>	<b>Картотека №3</b>	<b>Картотека №4</b>	<b>Картотека №5</b>
	<b>Серуен картотекасынан (картотека қосымша тігілген)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бала үні. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйретеді. Гигиеналық шараларын ұйымдастырады. Түскі асқа дайындық.				
<b>Түскі ас</b>	<b>Ойын- жаттығу :</b> Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. <b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b>				
<b>Ұйқы</b>	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-</b>	<b>Ояту</b> Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық	<b>Ояну</b> Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап	<b>Ояну</b> Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге	<b>Ояну</b> Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамамыз Бойды түзе, көтер	<b>Ояну</b> Ұйқымызды ашайық Қолымызды

<b>тыру шаралары</b>	Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Күн жылуын алайық.	желпісін, Ұйқымызды ашайық	басты Сергіп ұйқы ашамыз	созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.
<b>Бесін ас</b>	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландырады.				
<b>Вариативтік бөлім Сағ: 16.00 Бейсенбі. ҰОҚ кестесі бойынша.</b>	Тақырыбы: «Күз келбеті» Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Табиғаттың сұлулығын бағалай білуге тәрбиелеу				
<b>Ойындар, дербес әрекет.</b>	<b>Құрлымдалған ойын «Жыл мезгілдері» Жүргізілу барысы:</b> Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу. <b>Ресурстар:</b> Жыл мезгілдері көрсетілген суреттер, майда қима суреттер .	<b>Құрлымдалған ойын: «Әдемі өрнектер» Ресурстар:</b> Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер. <b>Жүргізілу барысы:</b> Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.	<b>Пед жетек ойын: «Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз» Ресурстар:</b> Саңырауқұлақтар, себет <b>Құрлым ойын:</b> «Саңырауқұлақ жинау» <b>Ойынның барысы:</b> Баланы шеңберге отырғызады бірнеше саңырауқұлақ себеттің ішінде болады. Балаларға саңырауқұлақ-тың қайда өсетінін, қайда болатынын түсіндіре отырып, ортаға екі баланы шығарып ойын ережесін түсіндіреді.	<b>Құрлымдалған ойын: «Сикырлы түстер» дидактикалық ойын Ресурстар:</b> түрлі түсті карточкалар. <b>Ойын барысы:</b> балаларға түрлі-түсті квадраттар-мен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді.	<b>Пед жетекшіл ойын: «Керемет орман» Ресурстар:</b> бірдей қағаз парақтары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы.

<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасы туралы түсініктерге ие; Аяна ,Арман	<b>Құрлымдалған ойын:</b> <b>«Экологиялық бағдаршам»</b> Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді. 4К моделі, бала үні.	<b>Пед жет ойын:</b> <b>«Қандай түс»</b> Шарты: сурет салуға түс таңдау. Өз бетінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Жанама бақылау, креативтілік, сыни ойлау	Суреттен жануарларды тауып, атайды, олардың сипаттық ерекшеліктерін атайды; Райымбек	<b>Пед жет ойын:</b> <b>«Кім жылдам?»</b> Шарты: Таяқшалармен құрастыру жұмысы Шырша, көзілдірік, үй, қайық.
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйретеді. Аяқ киімнің оң солын түсіндіреді. Серуенге шығу.				
<b>Серуен</b>	<b>Картотека № 1</b>	<b>Картотека № 2</b>	<b>Картотека №3</b>	<b>Картотека №4</b>	<b>Картотека №5</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіреді. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеседі. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

**«Ортаңғы» тобының 11.10-15.10.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастырады. Жағымды жағдай орнатады.				
<b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</b>	Құрлымдалған ойын: «Бұл қай мезгіл?» <b>Мақсаты:</b> күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Балабақша» <b>Мақсаты:</b> балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйренеді. 4К моделі, бала үні.	Пед жет ойын: «Әдептілік» <b>Мақсаты:</b> Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды үйренеді 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата алады, үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін үйренеді. 4К моделі, бала үні.
<b>Танертеңгі гимнастика</b>	<b>Қазан айының 2 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйретеді. Қазан айы(құралмен) 1. Бір тізбекке тұру, жүру. Қолдарында сылдырмақ. Тоқтап, сылдырмақты сылдырлату. 2. Сылдырмақпен жүгіру. Оң және сол аяқпен топылдату. Сылдырмақты артқа жасыру. 2 рет. 3. Шеңберге тұру. 4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолды түсіріп ұстау, қолда				

	<p>сылдырмақтар. Қолдарын екі жанға созып, сылдырмақты сылдырлату, қолдарын төмен түсіру. 4-6 рет қайталау.</p> <p>5. Б.қ.: қайталау. Аяқтарды айқастыра отыру. Сол жанға артқа бұрылып, сылдырмақты артқа қою, сол жақпен қайта бұрылып, сылдырмақты алу. Соны оң қолмен қайталау. 4-6 рет қайталау.</p> <p>6. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты қосып, қолдарын түсіру. Алға еңкейіп, сылдырмақты сылдырлату, б.қ. оралу. 5-6 рет.</p> <p>7. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Тізені бүге аяқты кеудеге тигізіп, тізеге сылдырмақты соғу, ”тук, тук” деп айту. 4-5 рет.</p> <p>8. “Құлыншақтар”. Алға қарай секіре жүру.</p> <p>9. Жай жүру.</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйретеді. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</p>				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	<p><b>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</b></p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</b></p>	<p><b>3. Жаратылыстану Тақырыбы:</b> Күн жылу көзі. Ресурстар: Дидактик материалдар, АҚТ технологиясы. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралу, бақылау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>2.Қызығушылықтарын ояту.</b> Пед жет ойын : «Кім жылдам?»</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:</b> Біз тұратын көше Ресурстар: қуыршақ Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралу, бақылау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>Қызығушылықтарын ояту.</b> Тосын сәт. Қуыршақ келеді. Адасып кеткенін айтады. <b>Сұрақтар ілмегі.</b></p>	<p><b>1.Математика негіздері Тақырыбы:</b> Атам мен әжем тұратын үйдің ауласындағы ағаштар. Ресурстар: қуыршақ, конструктор, ағаштар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралу, бақылау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінде неше</p>	<p><b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Кто это?» <b>Цель:</b> формирование навыков слушания и понимания слов приветствия на русском языке. <b>ХОД ОУД 1.</b> Организационный момент В гости приходит Балапанчик (мягкая игрушка). Дети проявляют интерес к приходу Балапана,</p>	<p><b>1.Қоршаған ортамен танысу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Жолда жүру ережесін сақтайық <b>Ресурстар:</b> бағдаршам суреті, қызыл, сары, жасыл дөңгелек пішіндер <b>Әдіс-тәсілі:</b> 4К ,бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>Қызығушылықтар</b></p>

	<p>Жұмбақ жасыру. Жұрттың бәрі сүйеді, Бірақ қарай алмайды. (Күн) <b>Балалардың білімін нығайту.</b> Күз белгілерін атап берулерін сұрау. Бүгін ауа райы қандай болып тұрғанын анықтау <b>Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс.</b> <b>Күн туралы түсінік беру.</b> Күн – жер бетіндегі тіршілік көзі. Адамдар, өсімдіктер, жануарлар жарық, жылууды күннен алады. Сондықтан бүкіл тіршілік атаулыға күнсіз өмір жоқ. Бірақ күнге тік қарауға, ұзақ күюге, баскиімсіз жүруге болмайтынын ескертеді. Мазмұн арқылы саралу, блум</p>	<p>- Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ? Көшелеріңнің атын білесіңдер ме? <b>АКТ технологиясы.</b> «Мен тұратын көше» бейнетаспа қарау. <b>Ыстық орындық.</b> Сұрақтарға жауап береді. <b>Сергіту сәті.</b> Тепе-теңдік жолменен, Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Мынау біздің мекен-жай. <b>Қорытынды.</b> Қуыршақ көшесінің есіне түскенін айтып, балалармен қоштасады. Сұрақтар қою арқылы қорытынды жасау. Кім адасып кетті? Үйін қалай есіне түсірді? Балаларды мадақтау. <b>1. Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Атам</p>	<p>ай бар? - Атаулары қандай? - Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады? - Жарайсыңдар, балалар! <b>Тосын сәт.</b> <b>Айгүл қуыршақ келеді.</b> Атасы мен әжесінің үйне қонаққа бара жатырғанын айтады. Айгүл әжесі берген тапсырмаларды орындамаған, соған көмектесуін өтінеді. Блум таксономиясы. <b>1-тапсырма</b> Құрлымдалған ойын: «Топтастыр» Шарты: биіктігі бірдей, ұзындығы бірдей, аласа заттар тобын топтастырады. Сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс. <b>2- тапсырма</b> Тақтамен жұмыс. - Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар? Балаларға биіктігі</p>	<p>рассматривают его. Педагог говорит детям, что Балапан только вылутился из яйца, он очень многого не умеет делать и многого не знает, и мы с вами обязательно ему поможем. Сегодня мы научимся вместе с Балапаном здороваться и прощаться. Дети проявляют интерес, хотят научить Балапанчика здороваться и прощаться. <b>2. Основная часть</b> Игровая ситуация «Научим Балапана здороваться» – Балапан не ходит в детский сад и поэтому не знает, когда и с кем надо здороваться. Давайте расскажем ему об этом. – Когда люди здороваются? Дети рассказывают, когда и с кем нужно</p>	<p><b>ын ояту.</b> Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» <b>Жұмбақ жасыру.</b> «Қайырлы таң!» деймін мен Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға. Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, Жүре бергің жасқанба. Не екен ол балалар? Бала үні. <b>Ой қозғау.</b> Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек? -Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? -Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші. Қандай көзі жанғанда</p>
--	---	--	---	--	--

<p>таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын «Дәл сондайын тап»</p> <p>Шарты: Күннің түсімен, пішіне түстес заттарды көрсетіп атайды.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Күн шығыстан жарқырап шықты, (қолдарын жоғары көтереді, созады)</p> <p>Күн батысқа батты. (Тізесін бүгіп отырып, қолдарын төмен түсіреді).</p> <p>Тамаша, тамаша, Күн жайнады жаңаша. Бәрімізге көңілді</p> <p>Бұл өмір тамаша! (Қол соғады. жымияды).</p> <p>Бала үні.</p> <p><b>4. Шығармашылық орталықта жұмыс жасау.</b></p> <p>Құрлымдалған ойын: «Күн құрастыр» Шарты: Бөлшектерден күн</p>	<p>және әжем тұратын үй.</p> <p>Ресурстар: бояу, қылқалам, су, ақ парак, үйдің үлгісі.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралу, бақылау.</p> <p><b>Оқу қызметінің барысы:</b></p> <p><b>Ой дамыту.</b></p> <p><b>Тақпақ оқу</b></p> <p><b>Біздің үй ( Ғ.Өкеев)</b></p> <p>Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды,</p> <p>Қосып құмға лайды. Сылақшылар сылайды.</p> <p>Тезерек, есік, едені, Қиюласты әдемі.</p> <p>Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз.</p> <p>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні, сыни ойлау.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Тақпақ не туралы айтылған</p> <p>Үйді кімдер тұрғызады?</p> <p>Сендердің үйлерің</p>	<p>әртүрлі ағаштар мен үйлерді көрсетіп салыстыру.</p> <p>Қай ағаш биік , ал ағаш аласа? Ненің үйі биік? Ал, қайсы үй аласа? Неге?</p> <p>Сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау,</p> <p><b>3-тапсырма.</b></p> <p><b>Топтық жұмыс.</b></p> <p>(үлкен көлемде жайылған жасыл немесе көк мата )</p> <p>Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле»</p> <p><b>Шарты:</b> Берілген заттарды өз өз орнын тауып қоя білу.</p> <p>Мыс: Күн жоғарыда, гүл төменде.....</p> <p>Командада жұмыс, сыни ойлау, бала үні, жаппай бақылау.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Оңға бір қадам, Солға бір қадам</p> <p>Шапалақ ұрамыз.</p> <p>Алға бір қадам, Артқа бір қадам</p> <p>Шапалақ ұрамыз</p>	<p>здороваться. Педагог обобщает ответы детей: – Правильно, если вы приходите в детский сад, в гости или встречаете на улице знакомых людей, надо обязательно здороваться. Педагог произносит слово «Здравствуйте!», просит повторить это слово детей хором и индивидуально. Дети повторяют слово «здравствуйте!» хором и индивидуально. – «Игровое упражнение «Расскажи, кто нарисован на картине» Педагог обращает внимание на то, что Балапан принес с собой картинки, а кто на них нарисован, не знает, давайте ему поможем. Педагог задает вопрос: «Кто это?». Показывает</p>	<p>тоқтаймыз?</p> <p>Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?</p> <p>-Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?</p> <p>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.</p> <p>Мадақтау.</p> <p><b>Ой дамыту.</b></p> <p><b>АКТ технологиясымен жұмыс</b></p> <p>Бағдаршам, жол жиегі туралы түсінік беру.</p> <p>Үдеріс арқылы саралау, бала үні</p> <p>Құрлымдалған ойын : « Жүргізуші мен жаяу адам ».</p> <p>Ойын шарты: жүргізушілер мен жаяу адамдар жолдағы ережелерге мұқият қарап орындаулар қажет.</p>
---	---	--	--	---

<p>құрастырады. Сыни ойла, креативтілік, бала үні. Балаларды мадақтау.</p> <p><b>Қорытынды.</b> Сұрақ жауап арқылы қорытындылайды. Балаларды мада</p> <p><b>2. Дене шынықтыру.</b> Ресурстар: Доп, гимнас орындық. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралу, бақылау.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі.</b> Балалармен амандасу. -Түрлі бағытта жүру, жүгіру - Жай жүріспен жүру</p> <p><b>Қызығушылықтарын ояту.</b> Доп домалап топқа келеді. Доппен ойын.</p> <p><b>Жалпы дамытушы</b></p>	<p>қандай? Қала мен ауыл үйлерінің айырмашылығы неде? Бала үні.</p> <p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалар ата мен әжемізге тосын жасайық. Сендер құрлысшы болып, әдемі үй салып беріндер.</p> <p><b>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.</b> Үлгіні талдау. Тазалық, ұқыптылық, қауіпсіздік туралы ескерту</p> <p>Балалардың өз беттерінше жұмысы. Жеке көмек. Жананама бақылау, креативтілік, сыни ойлау,</p> <p><b>Құрлымдалған ойын:</b> «Бұл үйде кім тұрады». Балалардың жұмысын мадақтау</p> <p><b>Галереяны шаралу.</b> Балаларды мадақтау.</p>	<p><b>4-тапсырма</b></p> <p><b>Пед жет ойын:</b> "Кім биік" Шарты: - Бір-біріңе арқаларыңмен тұрыңдар, қайсың биік, қайсың аласа екенін көреміз. Айгүлмен рақмет айтып тапсырмаларды әжесіне алып кетеді. Балаларды мадақтау</p> <p><b>Қорытынды.</b> Сұрақтар ілмегі Қонаққа кім келді? Қандай тапсырма қиын болды? Бала үні.</p> <p><b>1.Жапсыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің үйім Ресурстар: Түлі түсті қағаздар, қайшы, қарындаш, желім, пішіндер, үй үлгісі</p> <p>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.</p>	<p>картинку с изображением девочки, говорит: «Это девочка».</p> <p><b>Физминутка</b> «Девочки и мальчики» Девочки и мальчики прыгают, как мячики. Ручками хлопают, ножками топают. Глазками моргают, после отдыхают. Выполняют движения согласно тексту.</p> <p><b>3. Рефлексия</b> Педагог подводит итог, поощряет детей. Балапанчику понравилось играть с вами. Игровое упражнение «Здороваться – прощаться» Предлагает детям встать парами, повернуться лицом друг к другу и сказать слова приветствия, а затем попрощаться и разойтись. Встают парами, смотрят друг</p>	<p><b>Сергіту сәті:</b> Пед жет ойын «Бағдаршам» Шарты: Балалар дөңгелене тұрады қызыл түсті көтергенде –балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде қол шапалақтайды, жасыл түсті көтергенде орнында тұрып жүреді. Сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау.</p> <p><b>Қорытынды.</b> <b>Пед жет ойын</b> «Болады, болмайды» Шарты: балалардың тақырыпты меңгергенін анықтайды.</p> <p><b>Қорытынды.</b> Балаларды мадақтау.</p> <p><b>2.Дене шынықтыру.</b> <b>Ресурстар:</b> Доп, сылдырмақ,</p>	
---	---	---	---	--	--



	<p><b>жаттығулар:</b>  <b>Доппен жаттығу.</b>  1. Екі қолмен допты ұстап, алға созу.  Б.Қ. Допты қос қолмен ұстап, жоғары көтеру.  Б.Қ отыру. Допты қос қолмен ұстап, аяққа тигізу.  Б.Қ. Допты ұстап секіру.  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.  4 к моделі, бала үні  Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау  <b>Негізгі қимыл-жаттығулары:</b>  1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу  2. Тақтайда, орындықта еңбектей алады.  Педагог</p>	<p>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылайды.</p>	<p><b>Қызықтыру сәті.</b>  Азамат қуыршақ келеді.  Балалармен амандасады.  Менің атым – Азамат.  Мен құрылысшымын.  Маған үй салуға көмектесіңдерші.  Бала үні, сыни ойлау.  Пед жет ойын: «Үй құрлысын ата»  Шарты: Үй қандай пішіндерден тұратынын атау.  Балаларды шығармашылық орталығына шақыру:  Оқу ортасы арқылы саралау.  <b>Топқа бөлу әдісі.</b>  Үлке үй, кішкентай үй арқылы топқа бөлу.  <b>Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.</b>  Үлгі көрсету, түсіндіру.  <b>Қауіпсіздік</b></p>	<p>другу в глаза, улыбаются, говорят слово «здравствуй», затем говорят друг другу «до свидания», поворачиваются друг от друга и расходятся.  Балапанчик прощается с детьми.  <b>2. Дене шынықтыру.</b>  Ресурстар: Доп, гимнас орындық.  Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралу, бақылау.  <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b>  Балалармен амандасу.  -Түрлі бағытта жүру, жүгіру  - Жай жүріспен жүру  <b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  Доп домалап топқа келеді.  Доппен ойын.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  Доппен жаттығу.</p>	<p>қапшық, тақта.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> 4К  ,бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау.  <b>Кіріспе бөлімі:</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру.  Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.  Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру .қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру .  Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтай алады.  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары.</b>  <b>Сылдырмақпен Б.қ.: «Көбелек қонды»</b>  <b>1.</b> Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>жетекшілігімен жүргізілетін қимыл-қозғалыс ойыны: «мысық пен тышқан»</p> <p>Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау.</p> <p><b>1. Музыка.</b> (Маман жоспары бойынша)</p>		<p><b>ережелері.</b> қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертеді.</p> <p>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық.</p> <p><b>Балалардың өз бетінше жұмысы, қадағалау.</b> <b>1 топ</b> Дайын формадағы екі қабатты үйді қиып жапсыру. <b>2-топ.</b> Пішіндерді қиып кішкентай үй жапсырады. Сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні, жанама бақылау. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»</p>	<p>1.Екі қолмен допты ұстап, алға созу.5-6 рет 2.Б.Қ,Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру, оңға қисаю, солға қисаю Б.Қ отыру. 3.Допты қос қолмен ұстап, оң тізеге тигізу. Б.Қ, солай сол тізеге тигізу. 4.Допты ұстап секіру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау</p> <p><b>Негізгі қимыл-жаттығулары:</b> 1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу 2. Тақтайда, орындықта еңбектеу. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін қимыл-</p>	<p>айту. /6 рет қайталау/ <b>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»</b> <b>2.</b> Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелендете айналдырады. /6 рет қайталау/ <b>Б.қ.: «Қайшы»</b> <b>3.</b>Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет / <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b> 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау <b>Негізгі қимыл-қозғалыс</b></p>
--	--	--	---	---	--

			<p>Шарты: Балалар жасаған жұмысын тақтаға ілу. Өз ара бағалайды. Бас бармақ әдісі. <b>Қорытынды:</b> <b>Галерея шарлау әдісі.</b> Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша береді.</p>	<p>қозғалыс ойыны: «мысық пен тышқан» Ойын шартымен таныстырады. Балаларды мадақтау.</p>	<p><b>жаттығулары.</b> 1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. 2.Доға астынан еңбектеп өту. Құрлымдалған қимылды ойын: <b>Қорытынды:</b> Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіреді.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландырады.				
<b>Серуен:</b>	<b>Картотека №6</b>	<b>Картотека №7</b>	<b>Картотека №9</b>	<b>Картотека №11</b>	<b>Картотека № 12</b>
	<b>Серуен картотекасынан (картотека қосымша тіркелген)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <b>Бала үні.</b> Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйретеді. Гигиеналық шараларын ұйымдастырады. Түскі асқа дайындық.</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Ойын- жаттығу :</b> Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз</p>				

	Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. <b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Бала үні.</b>				
<b>Ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнатады. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары</b>	<b>Ояну</b> Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды	<b>Ояну</b> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	<b>Ояну</b> Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	<b>Ояну</b> Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	<b>Ояну</b> Ойнайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
<b>Бесін ас</b>	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
<b>Вариативтік бөлім</b> <b>Сағ: 16.00</b> Бейсенбі. ҰОҚ кестесі бойынша.	Тақырыбы: «Күзгі еңбек» Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсінігін кеңейту, адамдардың күзгі еңбегі аясында ойларын тиянақтау, «Ырыс», «Құт-береке», «Молшылық» сөздерінің мағынасын түсіндіру, еңбекке баулу.				
<b>Ойындар, дербес әрекет.</b>	<b>«Қоянға көмектесеміз»</b> <b>Ойын мақсаты:</b> Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үретеді.	<b>«Құстарға көмектесеміз?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға құстар туралы түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу. қалауларын, сезімдерін, ойларын білдіретін сөздерді қолдана алады;	<b>«Не артық?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама береді. қарапайым пазлдарды жинай алады;	<b>«Мамандықтың бәрі жақсы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді. суреттен жануарларды тауып, атайды, олардың сипаттық ерекшеліктерін	<b>«Жалпы атауын ата»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу

				атайды;	
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасы туралы түсініктерге ие; Инара	<b>Саусақ жаттығуы: «Дос болайық»</b> Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз.	<b>Тақпақ жаттау. Торғай</b> Шыр – шыр еткен торғайды, Қорғамасақ болмайды. Кіп – кішкене торғайлар, Ағаштарды қорғайды. Бала үні.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін «Топтастыр» Мақсаты: Балалар әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға дағдыланады. Күтілетін нәтиже: Балалар суреттердің атауларын атайды және ортақ атауына қарай топтастыра біледі <b>4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.</b>	Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Не артық» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып, не артық екенін айтады. <b>4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйретеді. Аяқ киімнің оң солын түсіндіреді. Серуенге шығу.				
<b>Серуен</b>	<b>Картотека №6</b>	<b>Картотека №7</b>	<b>Картотека №9</b>	<b>Картотека №11</b>	<b>Картотека № 12</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелеседі. .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескертеді. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

**«Балапан»бөбекжай-бақшасы**  
**«Ортаңғы» тобының 18.10-22.10.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелеседі, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастырады. Жағымды жағдай орнатады. Балалардың көңіл - күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдайды. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. <b>Ата-аналармен жұмыс:</b> «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелеседі.				
<b>Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)</b>	Құрлымдалған ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» <b>Мақсаты:</b> суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінің айта алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Балық аулау» <b>Мақсаты:</b> Қойылған сұрақтарға жауап бере алады, 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Орнын тап» Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтып, суреттен таба алады. 4К моделі, бала үні.	Пед жет ойын: «Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Құстарға көмектесеміз?» Мақсаты: Балалар құстардың дене бөліктерін, тіршілігін өз ойымен айта алады. 4К моделі, бала үні.
<b>Танертеңгі гимнастика</b>	<b>Қазан айының 3–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйретеді. <b>Қазан айы (кұралсыз)</b> 1. Бір тізбекпен алға, артқа жүру. 2. Шеңберге тұру. 3. Б.қ. тік тұру, аяқ арасы сәл алшақ, қолдарымыз төменде. Қолды алға, артқа сермеу. 5-6 рет. 4. Б.қ.: еденге малдас құра отыру, қолымыз белімізде. Оңға бұрылып, “тик”				

	<p>деп айту, б.қ. оралу /тәрбиеші осы мезгілде “так” айтады/. Осыны сол жақпен де қайталау. 4-6 рет қайталау.</p> <p>5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқ арасы сәл алшақ, қолдарын төмен қою. “Сағат соқты” алға, төмен тізені бүге еңкею “бом” деп айту, б.қ. оралу. 4-6 рет қайталау.</p> <p>6. Б.қ.: шалқалай жатып, қолды дененің бойында ұстау. Тізені бүгіп, қолды еденге тірей отыру, қайтадан б.қ. оралу. 4-6 рет қайталау.</p> <p>7. “Доптар секіреді, доптар домалайды” бір орында секіру, алға жүгіру.</p> <p>8. Жай жүру.</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстырады .</p>				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	<b>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді дайындау</b>				
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</b>	<p><b>3.Жаратылыстану Тақырыбы:</b> Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері. <b>Ресурстар:</b> Дид материалдар, АҚТ технологиясы. <b>Әдіс-тәсілі:</b> 4К ,бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>Тосын сәт.</b> Есік</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:</b> Менің көшем <b>Ресурстар:</b> қуыршақ, микрофон <b>Әдіс-тәсілі:</b> 4К ,бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> Жыл мезгілін, апта күнін сұрау. <b>Қызығушылықтар</b></p>	<p><b>1.Математика негіздері Тақырыбы:</b> Ұқсас заттар. <b>Ресурстар:</b> хат, пішіндер, ойыншықтар, сыйлық <b>Әдіс-тәсілі:</b> 4К ,бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> «Доп лақтыру» әдісі арқылы</p>	<p><b>2. Көркем әдебиет Тақырыбы:</b> Бір үйде біз нешеуміз. <b>Ресурстар:</b> қуыршақ, отбасы суреті, дид материалдар. <b>Әдіс – тәсілдер:</b> 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> Үдеріс арқылы саралау, креативтілік , бала үні.</p>	<p><b>Құрастыру Тақырыбы:</b> Біздің көше (Құрылыс материалдарынан) <b>Ресурстар:</b> құрылыс материалдары және үлгі суреттер <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. <b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>Қызығушылықтрын ояту.</b> Пед жет ойын:</p>

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</b></p>	<p><b>Жаратылыстану Тақырыбы:</b> Көктемгі еңбек.  <b>Мақсаты:</b> Балалар көктемдегі еңбек туралы түсінеді. Дән тұқымымен танысады, бидайдан нан жасалатынын түсінеді.  <b>Әдіс-тәсілдері:</b> әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап  <b>Көрнекі құралдар:</b> көктем мезгілінің суреттері суреттер.  <b>ҰОҚ барысы:</b>  <b>Шаттық шеңбері:</b>  Табиғатым тамаша,  Көз тоймайды қараса.  Табиғатты аялап  Жүрейікші жараса.  Сәлем саған Жер Ана  Сәлем саған Нұрлы Күн  Аман-есен болайық,  Бейбітшілік қалайық.  <b>Ой қозғау.</b>  <b>Сұрақ-жауап.</b>  Қазір жылдың қай мезгілі?  Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?  Көктемде адамдар қалай киінеді?  <b>Көктем туралы тақпақтар:</b>  1- бала:  Көктем болды алақай  Қуанып бар балақай  Қуанып біз қаламыз</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Ас атасы-нан</b>  <b>Мақсаты:</b> Нанның бидайдан жасалатыны және нанның адам үшін маңыздылығын түсінеді. Өз ойын жеткізеді.  <b>Әдіс-тәсілдері:</b> әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап  <b>Ресурстар:</b> АКТ, суреттер, үлестірмелі материалдар  <b>ҰОҚ барысы:</b>  <b>Шаттық шеңбері:</b>  Армысың күн анамыз  Бүгін бәріміз қуанамыз  Дарханында әр үйдің  Болсын қасиетті нанымыз  <b>Миға шабуыл:</b>  <b>Жұмбақтар</b>  Беттескен қос табақ  Ортасында бас табақ  Көз бен шоққа ораса  Дәм піседі тамаша  Ұзын мұртты сарылар  Қойынында наны бар  <b>Акт технологиясы.</b>  Слайдпен жұмыс: Нан түрлері  <b>Ғажайып сәт:</b>  Наубайшы қонаққа келеді  Амандасу. Балалар мен сендерге нанды қалай</p>	<p><b>Математика негіздері Тақырыбы:</b> «Бауырсақ» ертегісі.  <b>Мақсаты:</b> Балалар ертегі кейіпкерлері арқылы санауға үйренеді.  <b>Әдіс-тәсілдері:</b> түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап  <b>Көрнекі құралдар:</b> АКТ, үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар, ертегі кейіпкерлері  <b>Шаттық шеңбері:</b>  Мынау - менің жүрегім  Бәрі осыдан басталған  Мынау - басым ақылды  Бәрін осы басқарған  Мынау – менің оң қолым  Мынау- менің сол қолым  Барлық істі атқарған.  <b>Миға шабуыл:</b>  <b>Жұмбақтар</b>  Қыста ақ, жазда сұр  (Қоян)  Қорбаң-қорбаң етеді,  Орманда ол жүреді (аю)   Орманда тұрады , өзі бір ку  Жүрген жері айқай –шу  (Түлкі)  Ырылдайды, өзі итке ұқсайды. (қасқыр)  <b>Ой қозғау:</b>  Қай ертегінің</p>	<p><b>Көркем әдебиет Тақырыбы:</b> Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі  <b>Мақсаты:</b> Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлерімен танысады, ертегіні тыңдап, ертегі бойынша сұрақтарға жауап бере алады.  <b>Ресурстар:</b> АКТ, гүлдердің суреті.  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау  <b>ҰОҚ өтілу барысы:</b>  <b>Шаттық шеңбері.</b>  «Біз балдырған баламыз»  Біз балдырған баламыз,  Құстай қанат қағамыз.  Дүниені аралап,  Оқып білім аламыз.  <b>Қызығушылықты ояту.</b>  1. <b>Ой қозғау.</b>  2. Балалар, қандай гүлдерді білесіңдер?  3. Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар?  4. Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?  5. Гүлдерді тағы қандай мақсатта пайдаланамыз?  6. <b>Ой дамыту</b>  <b>Ертегі туралы түсінік беру.</b>  <b>Б.Османов «Гүлдердің</b></p>	<p><b>Құрастыру Тақырыбы:</b> Бидай таситын машина  <b>Мақсаты:</b> Құрылыс материалдарынан жүк машинасын құрастыру жолдарын түсінеді.  <b>Әдіс-тәсілдері:</b> түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап  <b>Көрнекі құралдар:</b> үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар  <b>ҰОҚ барысы:</b>  <b>Шаттық шеңбері:</b>  Қол алысып, қәне, біз,  Достасайық бәріміз.  Айтарым бар сендерге,  Тез тұрындар шеңберге.  Қандай жақсы бір тұру,  Достарменен бір жүру!  Қандай жақсы досболу!  <b>Миға шабуыл:</b>  <b>Жұмбақтар сыры:</b>  Ұзын мұртты сарылар  Қойынында дәні бар  (бидай)  Мыжғылаймын жаны жоқ  Кескілеймін қаны жоқ  (қамыр)  Үсті тас, асты тас  Ортасында піскен ас  (нан)  <b>Сұрақтар ілмегі.</b>  Егін алқабында нелер</p>

	<p>Әнмен қарсы аламыз 2- бала: Бүршік жарып ағаштар, Құстар ұя салады Сылдыраған бұлақтар Ағып бара жатады. <b>Тосын сәт: Аула сыпырушы апай қонаққа келеді.</b> Балалардан көмек сұрайды. Балабақша ауласындағы жұмысқа көмектесулерін сұрайды. Балалар топтарға бөлініп жұмыстанады. <b>Пед/жет ойын: «Көктем мезгілі»</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың шығармашылығы мен шашпандықтарын арттыру. <b>Шарты:</b> Көктем мезгілінің суретін аяқтап салу. <b>Сергіту сәті: Музыка әуенімен.</b> «Буги-буги» <b>Құрлымдалған ойын: «Төртінші артық»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың зейіндерін аударып, есте сақтау қабілеттерін арттыру. <b>Шарты:</b> Суреттің ішінен артығын табу. <b>Қорытынды:</b> Балалар аула сыпырушы апаймен қоштасады. Балалар сендер өте еңбекқор бала екенсіңдер! Рахмет сендерге! ҰОҚ аяқтау. Балаларды мадақтау.</p>	<p>дайындайтынын көрсететін боламын. (балаларға нанды қалай дайындау әдісін көрсетеді) <b>Әңгімелеу.</b> Нан дастарханға қалай келеді? <b>Сергіту сәті:</b> Бидай жерге отырды, Жасыл түске айналды. Бидай желмен қимылдап, Жауын болып жауылды <b>Құрлымдалған ойын: «Кім не істейді?»</b> <b>Шарты:</b> Өздері таңдап алған суреттегі мамандық иесінің не істейтінін айту. Диқаншы-егін егеді, баптайды Тракторшы- жер жыртады Наубайшы -нан пісіреді Диірменші-ұн тартады <b>Бес жолды өлең</b> <b>Не? Нан</b> <b>Қандай? Ақ, дәмді</b> <b>Не істейді? Піседі,</b> қуырылады, жасалады <b>Сөйлем</b> Нан – дастархандағы қасиетті тағам <b>Синоним</b> бауырсақ Наубайшы апаймен қоштасу. ҰОҚ қорытындылау. Балаларды мақтап, мадақтау. <b>Сурет</b></p>	<p>кейіпкерлері? «Бауырсақ» ертегісі не туралы айттылған? Онда қандай кейіпкерлер бар? <b>Ой дамыту</b> Барлығымыз суретке назар аударамыз. Сурет бойынша жұмыс. <b>Пед/жет ойын: «Ретімен орналастыр!»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру <b>Шарты:</b> Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін санау арқылы, ретімен орналастыру <b>Сергіту сәті:</b> Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді Қарап еді артына Қиығын сап көзінің Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің <b>Сұрақтар ілемгі:</b> Бауырсақ ертегісінде неше кейіпкер бар екен? Ретімен атайықшы? <b>Құрлымдалған ойын: «Пішінін тап»</b> Мақсаты: Балалардың таным қабілеттерін арттыру. <b>Шарты:</b> Ертегі кейіпкерлерін пішіне байланысты орналастыру ҰОҚ қорытындылау. Мадақтау.</p>	<p><b>таласы» ертегі</b> Ертегі желісі арқылы сұрақ –жауап Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, Блум таксономиясы. <b>Сергіту сәті</b> Біз гүлдерше өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Желге ырғалып шайқалған Пед жет ойын: «Гүлге не қажет?» Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі <b>Құрлымдалған ойын «Гүлдерді құрастыр».</b> <b>Шарты:</b> Қиылған гүлдерді құрастырып, қандай гүл екенін айтады. <b>ҰОҚ қорытындылау.</b> Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.  <b>Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Сапта екеуден қол ұстасып жүреді және жүгіреді . <b>Мақсаты:</b> Сапта екеуден қол ұстасып жүреді және жүгіреді. Оңға және солға бұрылып екпінмен секіреді. Допты екпінмен итереді және доптың қозғалу бағытын сақтайды. <b>I.Кіріспе бөлім.</b> Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау)</p>	<p>өседі? Бидайды немен жинаймыз? <b>Қызығушылықтарын ояту.</b> <b>Тосын сәт: Қонаққа конбайншы аға келді</b> Амандасу. Балалардан көмек сұрайды. Егін алқабында жүр едім. Бидай таситын машина бұзылып қалды. Машина жөндеуге көмектерін керек еді. <b>Топтық ойын: «Бидай таситын машина»</b> <b>Мақсаты:</b> Ойлау қабілетін дамыту. <b>Шарты:</b> Құрылыс материалдары-нан жүк машинасын құрастыру. <b>Сергіту сәті:</b> Жайқалады ақ бидай Ырғалады желменен Трактор мен комбайн Оруға мен дайын <b>Ой қозғау.</b> <b>Сұрақ-жауап:</b> Біз не құрастырдық? Машинаның түсі, пішіні қандай? Ол не таситын машина? Балалардың жұмысын бағалау. Құрастырған машинаны ағайға беру. Қоштасу <b>Қорытынды.</b> Рахмет, балалар! Сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар.</p>
--	---	---	--	---	--

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> Иректеп қойылған жіптің үстімен жүру.  <b>Мақсаты:</b> Иректеп қойылған жіптің үстімен еркін жүреді. Арқанның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектейді. Оңға және солға бұрылып екпінмен секіреді.  <b>I.Кіріспе бөлім.</b>  Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Жалпы дамыту жаттығулар:</b>  Доппен жаттығу.  1. Бір қатармен жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)  2. Бір қатардан екі қатарға тұру.  3. Доппен жаттығу.  1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу. 6 рет.  2. Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 4-6 рет.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b>  Нанның түрлері.  <b>Мақсаты:</b> Балалар нан туралы түсіне отырып, топқа бөліну арқылы әр түрлі нанның суретерін салады.  <b>Әдіс-тәсілдері:</b>  түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап  <b>Көрнекі құралдар:</b> үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар  <b>Шаттық шеңбері:</b>  Бала, бала, балақан  Қане қайсы алақан  Саусақтарым әйбат  Былай-былай ойнап  Топ-топ басайық  Жалаудан гүл жасайық  Жаса, жаса алтын күн  Жаса-жаса жарқын күн  <b>Слайдпен жұмыс:</b>  «Нан қалай келеді?»  <b>Топтарға бөліну:</b> Нан түрлері бойынша бөлініп жұмыстанамыз  1- «Тоқаш» тобы  2-«Бауырсақ» тобы  3-«Бәліш» тобы  4-«Бөлке нан» тобы  Балалар сурет салады.  Жұмыстарын қадағалау  <b>Сергіту сәті:</b>  <b>Музыка әуенімен</b>  «Аяқпенен топ-топ-топ»  <b>Тиым сөздер:</b>  Нанды бір қолмен үзбе!  Нанды жерге тастама!  Нанды текке лақтырма!  <b>Ой толғаныс: Біз не</b></p>	<p><b>Музыка.</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік ән мен би».  <b>Мақсаты:</b>  Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету. Табиғи дауыспен әнді айтуға үйрету. Музыканы тыңдап, сипатын ажыратуға дағдыландыру.  <b>Педагог жоспары бойынша</b></p>	<p>.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Жалпы дамыту жаттығулар:</b>  <b>Доппен жаттығу.</b>  1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау «жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту.  Б.қ.:  2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту.  Б.қ.:  3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземен кезек қайталау.  Б. қ.:  4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аккудың» қанаты сияқты жасау.  Б. қ.:  5. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру.  Қорытынды:  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  «ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.  <b>Негізгі қимыл-</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Шынықсаң шымыр боласың.  <b>Мақсаты:</b> Заттардың арасымен жүреді және жүгіреді. Допты екпінмен итереді және доптың қозғалу бағытын сақтайды. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүреді.  <b>I.Кіріспе бөлім.</b>  Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Жалпы дамыту жаттығулар:</b>  <b>Жалаушамен жаттығу.</b>  1. Б.қ қолда жалауша: 1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.  2. Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру. 3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен, артынан сол қолмен. .  3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа</p>
--	--	--	---	---	---



	<p>3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты, сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу. 6 рет.</p> <p>4.Б.қ аяқ бірге, отырып тұру. 10 рет.</p> <p>5.Б. доп кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.</p> <p>6.Б.қ доп кеуде тұсында. Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып. 10 рет.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Қаздар» Б.к: Аяғымыз алшақ, қолымыз белімізде. Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз, дыбыс шығару «ш-ш-ш», түзу тұрамыз. Демімізді алып, аузымыздан шығарамыз.</p> <p><b>Негізгі қимыл-жаттығулары:</b> 1 қос аяқпен секіру. 2. Ұсақ заттарды бір қолымен алысқа лақтыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Түрлі-түсті көліктер» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау</p>	<p><b>білдік?</b> Нанның бидайдан өседі Нанды қастерлеу керек Нан-адамның тіршілік қорегі Нан-дастарханға еңбекпен келеді <b>ҰОҚ қорытындылау.</b> Балаларды мадақтау. Бас бармақ әдісімен қорытындылау.</p>		<p><b>жаттығулары:</b> 1. Заттардың арасымен жүру және жүгіру. 2. Қысқа секіртпемен секіру</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> Торғайлар мен мысық Балаларды мадақтау.</p>	<p>жеткізу. 4.Б.қ аяқ бірге, отырып тұру. 10 рет. 5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6.Б.қ жалау кеуде тұсында. Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Қаздар» Б.к: Аяғымыз алшақ, қолымыз белімізде. Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз, дыбыс шығару «ш-ш-ш», түзу тұрамыз. Демімізді алып, аузымыздан шығарамыз.</p> <p><b>Негізгі қимыл-жаттығулары:</b> 1 Аяқтың ұшымен белгі бойынша жүру, жүгіру. 2 Арқанның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Өз үйінді тап!» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау.</p>
--	--	--	--	--	--

<p>Серуен</p>	<p><b>16. Бұталарды бақылау.</b>(итмұрын,көгіс,қаражеміс,шетен,қызыл мойыл. <b>Бақылау</b> Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту(көгістің бұтағы осал, сұр, бүршігі домалақ, тегіс,екеуі бірге өседі.)қолайлы шарттармен байланысын көрсету(көп жарық,жылу,ылғал). Табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту,қорғауға ұмтылдыру.</p> <p><b>Қимылды ойын «Шегіртке»</b> Алға қарай екі аяқтап секіруді бекіту. Шапшаңдықты дамыту, тепе-теңдікті сақтауды үйрету.</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b> Қураған бұтақтарды кесу,бұталардың түбін қопсыту. Қураған бұтақтарды кесу үшін балаларды қатыстыру(қураған бұтақтарды белгісі бойынша анықтау),өз еңбегінің мәнін түсіну. Үлкендерге көмектесу ықыластарын тәрбиелеу. <b>Дидактикалық</b></p>	<p><b>17.Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.</b> <b>Бақылау</b> Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру;Ұқсастығы мен айырмашылығы. Ағаш биік, діңгегі тік, тегіс, қабығы сұр,қатпарлы. Ол ағаштың ішкі бөлігінің кеуіп кетуінен, зиянкестерден, әр түрлі зақымданудан сақтайды. Қабығы өсу барысында пайда болады. Ерте көктемде 2-3 күнде қарағайдың жіңішке бұтақтарында көк-жасыл түсті қылқан шоқтары пайда болады. Олардың арасында қызғылт немесе жасыл бүршіктер және сары масақтар көрінеді. Көктемгі табиғаттың сұлулығын ұғына білу біліктілігін арттыру. «Бүршіктен атта» Бұйрықты орындау біліктіліктерін пысықтау-бүршіктен аттау,жүгіру(оң және сол жақпен),жүру-тоқтамау,кідіріссіз.Шыдамдылықтарын дамыту. <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Қылқан жапырақты ағаштарды күту(қажетті жағдайда) балаларды діңгектің айналасын қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру.Еңбек</p>	<p><b>18.Құстардың ұшып келуін бақылау.</b> <b>Бақылау</b> Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне ұшып келетін құстың-ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айыра білу. Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. <b>Қимылды ойын «Лашын мен ұябасар»</b> Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту.Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Алаңдағы құстарды тамақтандыру Балаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға</p>	<p><b>19. Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау.</b> <b>Бақылау</b> Қараторғайдың үйшігінде немен шұғылданып жатқанын бақылау;үйшіктен ескілерін лақтырып тастайды, қай кезде үйшіктегі торғайларды қуады. Қараторғайдың өз үйшігі алдында қалай ән салғанын қарау. Тұншыға айтады, қанаттарын қағады,басын шайқайды және тұмсығын кең ашады; әндері әр түрлі дыбыстарды еске түсіреді. Миялаған сияқты, әтештің шақыруы,болмаса арбаның шикылы. Балалардың жыл құстары туралы білімін кеңейту және бекіту. Жыл құстарын қарсы алуға үлес қосуға тарту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. <b>Қимылды ойын «Қарлығаш»</b> Балаларға ойын шартын сақтауды үйрету(ойыншылар шеңбердің ішіне жүгіре кіріп,қарлығашты босатуға тырысады, ал күзетші оны қорғайды) ойын барысында өз тәртіптерін әділетті де әділ бағалай білуге тәрбиелеу. <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Гүлзардағы топырақты қопсыту Гүлзардағы көктемгі топырақты қопсытуға</p>	<p><b>20.Ұяларды бақылау.</b> <b>Бақылау</b> Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту,бірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу,оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау. (қауырсындар, жүн шүйкесі,бұтақшалар және т.б)Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. <b>Қимылды ойын «Ұшу»</b> Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету. <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Құстарға ұя жасауға көмектесу. Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн-жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген</p>
---------------	---	--	---	--	---

	<p><b>ойындар. Тәжірибе мен сараптама.</b>  <b>«Ағаштар мен бұталарды отырғызу үшін не керек?»</b>  Ағаштарды отырғызу үшін керек заттар мен құралдар туралы білімдерін бекіту.(ойын үшін әр түрлі ойыншықтар шығару;қасық,кубик,ку ыршақ және т.б еңбек құралдары: тырнауыш,күрек.)  «Қалай аталады?»  Берілген суреттердің арасынан ағаштарды, бұталарды және гүлдерді топтау дағдыларын арттыру.  <b>Өз бетімен іс-әрекет</b>  Балаларға өз рөлін және басқа ойыншылардың рөлдерінің мазмұнын есте сақтауға үйрету.  Ойын барысында балалар ауысып 2-3</p>	<p>құралдарына ұқыпты қарауды,іскерлік мәдениетті тәрбиелеу.  <b>Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама.</b>  <b>«Бұтағына қарай ағашты табу»</b>  Бөліктерден бүтін құрау.  Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету.  <b>Өз бетімен іс-әрекет</b>  Ойынды ұйымдастыру барысында (қажетті жағдайда және оның барысында )балалардың қарым-қатынастарының өнегелі болуын, өз рөлдерінің орнын білуін,бір-біріне достық сезіммен қарауын, қиын жағдайда бір-біріне көмектесе алуын, қайырымдылық қасиеттерін көрсете білуіне көмектесу.</p>	<p>деген адамгершілік – әрекеттілікті тәрбиелеу.  <b>Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама.</b>  <b>«Сауысқан да ,қарға да емес»</b>  Сурет бойынша әр түрлі құстарды балалардың тани білуі. Қыстайтын және жыл құстарын айыра білу біліктіліктерін бекіту. Балалардың назары мен тапқырлығының дамуына ықпал ету. Ойынмен балалардың көңілін көтеру.  <b>Өз бетімен іс-әрекет</b>  Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу, ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну.</p>	<p>балаларды қатыстыру. Еңбек етуге не қажеттігін балалардың өз бетімен шешуін үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай, бірігіп еңбек етуге машықтандыру. Еңбек барысында ұйымшылдық сезімдерін қалыптастыру.  <b>Дидактикалық ойын.Тәжірибе және сараптама.</b>  <b>«Құсқа үйшік тап»</b>  Сурет бойынша әр құсқа сай үйшік табу. Құстардың қылығы олардың қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың құстарға деген қызығушылықтары мен сүйіспеншілігін дамыту.  <b>Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама.</b>  <b>Өз бетімен іс-әрекет</b>  Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету.  (үй,кеме және т.б) Ойын барысында табиғи заттарды қолдану(құм,су және т.б) Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету.				
<b>Түскі ас</b>	<b>«Ас-адамның арқауы».</b> Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
<b>Ұйқы</b>	Балалардың ұйқысы.				
<b>Ұйқыдан ояту.</b>	<b>«Ұйқымызды ашайық».</b> Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын салқын сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.Су жолдармен жалаң аяқ жүру.				

<b>Бесін ас.</b>	Балалардың назарын тағамға аудару. Асымызды асықпай жейміз.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	<b>Құрлымдалған ойын</b> <b>«Жыл мезгілдері»</b> <b>Жүргізілу барысы:</b> Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу. <b>Ресурстар:</b> Жыл мезгілдері көрсетілген суреттер, майда қима суреттер .	<b>М. Монтессори технологиясымен жұмыс.</b> Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу. 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	<b>Құрлымдалған ойын: «Әдемі өрнектер»</b> Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер. Жүргізілу барысы: Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.	<b>Ойын:</b> Кімнің заттары?» (Балабақша заттарын анықтау);	<b>Құрылымдалған ойын:</b> <b>«Пішіндер поезды»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың пішіндер туралы түсініктері қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Суреттердің атауларын атай отырып, пішіндер вагонының жалғастыра біледі. <b>4 к моделі, Бала үні</b>
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</b>	<b>Музыка.</b> <b>(Маман жоспары бойынша)</b>	Тақырыбы: «Саусақтар сөйлейді» Мақсаты :Ойын – балалардың ой-өрісін, қиял сезімін дамытып, сөйлеу тілінің жетілуін, диалог, монолог түрінде өзара сөйлесу машықтарын қалыптастыру			
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Әр баланың анықталған қажеттілігіне қарай жұмыс.	Дарханов Ернұр Табиғатты және ауа –райындағы өзгерісті байқайды.	Қайрат Сағидулла Жануарлармен өсімдіктерге қамқорлық танытады.	Аймұхан Айжұлдыз Үй және жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді атайды.	Тұрланова Зере Бірлескен қимылды ойындарға қатысады.
<b>Серуен</b>	<b>Серуен № 1</b>	<b>Серуен №2</b>	<b>Серуен №3</b>	<b>Серуен №4</b>	<b>Серуен № 5</b>
Ата-аналармен	<b>Кеңес:</b> мысалы:«Егер	«Бала қауіпсіздігі	Ата-аналармен	<b>Ата-аналарға кеңес:</b>	Балаларды ауа-

жұмыс. Балалардың үйге қайтулары.	ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу	балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу	«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	райына қарай киіндіру-әңгімелесу.
--	--	---	---	---	--------------------------------------

**«Ортаңғы» балабақшасы. (II апта)**  
**«Ортаңғы» тобының 11.05-13.05.2022 жыл аралығына арналған циклограммасы**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін»**

<b>Күн тәртiбi</b>	<b>Дүйсенбi</b>	<b>Сейсенбi</b>	<b>Сәрсенбi</b>	<b>Бейсенбi</b>	<b>Жұма</b>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу  Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )			Пед жет ойын: «Әдептілік» <b>Мақсаты:</b> Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды біледі. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата алады, үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін біледі. 4К моделі, бала үні.
	<b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b>				
Таңертеңгі гимнастика	Рахмет айтуға тәрбиелеу.				
Таңғы ас	<b>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау</b> <b>Ойын- жаттығу :</b> Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. <b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b> Рахмет айтуға тәрбиелеу				

<p>Ойындар, ҰОҚ дайындық</p>	<p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</p> <p style="text-align: center;"><b>Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз!</b></p>				
<p>Мектепке дейінгі ұй- ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызметтері</p>			<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Логикалық тізбек ойыны <b>Мақсаты:</b> Балалар қатарлардың құрылу заңдылығын және келесі немесе жетіспейтін қатар мүшесін табуды қажет ететін бірнеше тапсырма беру арқылы ойлау қабілеті артад <b>Ресурстар:</b> Дидактикалық материалдар.<b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, саралау, бақылау. <b>ҰОҚ өтілу барысы</b> Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген . 1-тапсырма. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» 1.Үйге кіргенде не ашылады... 2. Бәйшешек қай мезгілдегүлдейді... 3. Ұйықтаған кезде не көреміз... 4.Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды... 5. Қандай тас өзінде болмайды...</p>	<p><b>Русский язык.</b> <b>Тема</b>«Скоро лето Ягоды». Цель:- продолжать учить детей понимать русскую речь, познакомить их с ягодами и вести названия в активный словарь, развивать познавательную активность в процессе исследовательской деятельности, координацию слова и движения, формировать уважение. <b>ҰОҚ өтілу барысы</b> Игровая ситуация: пришла Маша, она нашла земляничку и много других ягод, собрала их в корзинку, но названия их не знает. Просит помочь педагога и детей правильно называть слова на русском языке. 1.а)рассматривание иллюстраций, проговаривание слов и выражений по теме; б) ответь на вопросы; в) фонетическая гимнастика «Песенки ягод»;</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Табиғат біздің досымыз» <b>Мақсаты:</b> Балалар табиғат, тіршілік, қоршаған арасында байланыс жайлы және өлі және тірі табиғат жөнінде түсіне отырып, сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйренеді. <b>Ресурстар:</b> жәндіктер туралы суреттер, араның суреті <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау <b>ҰОҚ жүргізілу барысы</b> Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.</p>

		<p>6. Жабық көзбен не көруге болады.</p> <p>Сыни ойлау, командада жұмыс 2 тапсырма.</p> <p>Пед жет ойын: «Апта күндерін ата».</p> <p>-Бір аптада неше күн бар? -Атап беріндерші.</p> <p>Балабақшаға неше күн барамыз? Неше күн демаламыз? Сыни ойлау, командада жұмыс Сергіту сәті.</p> <p>Ал, балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық.</p> <p>Оңға,оңға түзу тұр! Солға,солға түзу тұр! Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық.</p> <p>3 тапсырма.</p> <p>Миға шабул</p> <p>Құрлымдалған ойын: «Логикалық тізбек ойыны»</p> <p>Шарты: 2 қызыл шеңбер 2 жасыл үшбұрыш қойылған, бала арман қарай ойланып тізбекті жалғастыру керек яғни ол 2 қызыл шеңбер мен,2 жасыл үшбұрыш қойып жалғау керек.</p> <p>Болмаса 3 жеміс суретін,1 машина суретін қоямын, бала жалғасын табу керек</p> <p>Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы</p>	<p>г) пальчиковая гимнастика «Поиграем с пальчиками»;</p> <p>д) речевое упражнение «Какая?»;</p> <p>е) речевое упражнение «Назови правильно».</p> <p>2.физическая минутка «На полянке»</p> <p>3.Дидактическая игра «Назови на русском языке» (повторение).</p> <p>Называют новые слова и выражения: (парами, мальчики, девочки, индивидуально, «на ушко»).</p> <p>Отвечают на вопросы полным предложением.</p> <p>Повторяют чистоговорки.</p> <p>Выполняют пальчиковую гимнастику.</p> <p>Подбирают прилагательные.</p> <p>Находят обобщающие слова (ягода, фрукты, овощи).</p> <p>Выполняют физическую минутку.</p> <p>Показывают картинку и называют на русском языке изображённый на нем предмет.</p> <p>Игровое упражнение: «Расскажем,Маше чему научились на занятии».</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бірінің соңынан бірі бой түзулігін дұрыс сақтап жүреді, жүгіреді. Жіп бойы-мен тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі.</p>	<p>І.Қызығушылықты ояту.</p> <p>Пед жет ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>Жұмбақ жасыру Бір жерінде ыстық, Бір жерінде суық Бір жерінде күн, Бір жерінде түн Керемет алып неткен. (Жер шары)</p> <p><i>Тыныштық сәті:</i> Табиғат құбылыстарының дыбыс-тарын тыңдау.</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Ненің дыбысы деп ойлайсындар? Үдеріс арқылы сралау. Бала үні, сыни ойлау.</p> <p>II.Ой дамыту. АҚТ технол.</p> <p><i>тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысын түсіндіру.</i></p> <p><i>Табиғатқа саяхат.</i> <i>1-аялдама</i> Су</p> <p>Сылдырап ағып жатқан не ?</p> <p>-Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? Су өлі табиғатқа жатады,ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысы бар ма?</p> <p>Мазмұн арқылы</p>
--	--	---	---	--



		<p>орындадыңдар.Жарайсыңдар! Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен. Балаларға сыйлықты беріп мадақтау. <b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Достық үйі. <b>Мақсаты:</b> Достық туралы түсіне отырып, сыйлық, сыйластық ұғымына байланысты достық үйін жасауға үйренеді <b>ҰОҚ-нің барысы</b> Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері. <b>Миға шабул</b> <b>Пед жет ойын:</b> «кәм тапқыр?» <b>Жұмбақ</b> Брылдайды,үреді, Үй маңында жүреді. Иесін ол біледі, Бөтен біреу келсе егер, Үріп белгі береді <b>Тақтаға күшік суретін ілу</b> Күшік туралы әңгімелесу. <b>Тосын сәт.</b> Күшік келеді. сендерден көмек сұрау үшін келіпті.күшіктің тұратын үйі жоқ екен.Не істейміз? Көмектесің,үйшік салып береміз бе? Ал,сендер қандай үйде тұрасыңдар? <b>АКТ технологиясы.</b> Слайд .Үйлер. Үдеріс арқылы саралау, бала үні, сыни ойлау. Үйшік жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру..</p>	<p><b>Ресурстар:</b> Жіптер, доп. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау <b>ҰОҚ жүргізілу барысы</b> І.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Тікелей бақылау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу. 1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу. 2.Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу. 4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. 5.Б. доп кеуде тұсында 1- адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6.Б.қ доп кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып. Тыныс алу жаттығу.</p>	<p>саралау, Блум таксономиясы. 2-аялдама Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ?АУА - Ауа не үшін керек? - Ауаның түсі қандай? - Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеіздегі гүлдерде ауадағы шанды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Құрлымдалған ойын: «Зерттеушілер» 1-тәжірбие: Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді 2-тәжірбие: Балалар ендімұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік. - ауасыз тыныс алуға бола ма? Сыни ойлау, өнім арқылы саралау, бала үні, креативтілік.</p>
--	--	---	---	--

		<p>Қауіпсіздік ережесіментаныстыру. Мазмүн арқылы саралау, бала үні. <b>Серттігу сәті.</b> Іліп оңға бір, Іліп солға бір. Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап. Балалар жұмыстарын жалғастырады. Жеке көмек. Жанама бақылау. Күшік балалардың жасаған үйлеріне қуанып,қоштасады. Қорытынды.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Бала үні. Балаларды мадақта</p>		<p>дыбыс шығару «ш-ш-ш» Демімізді алып,аузымыздан шығарамыз 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Сызықтар арасымен түзу жүру 2. Доға астынан еңбектепөту. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» ойыны: Ойын шартымен таныстыру. Командада жұмыс, жаппай бақылау. Қортынды. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Қортынды От та, суда, ауа да Жан-жануар барлығы Орман теңіз тауларда Табиғаттың байлығы. <b>Балаларды мадақтау</b> <b>Дене шынықтыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре алады. Қимылының бағытын сақтап, доға астынан еңбектей алады. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеуді біледі. <b>Ресурстар:</b> Жіптер, доп,кубиктер <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау <b>ҰОҚ жүргізілу барысы</b> Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтыңұшымен жүру .қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары. Сылдырмақпен Б.қ.: «Көбелек қонды»</p>
--	--	--	--	--	---

				<p>1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»</p> <p>2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Қайшы»</p> <p>3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет / Б. қ.: «Жұлдызша» Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Негізгі қимыл-</p>
--	--	--	--	---

				<p>қозғалыс жаттығулары.</p> <p>1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.</p> <p>2.Доға астынан еңбектепөту.</p> <p>Құрлымдалған қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»</p> <p>Мақсаты: Балалар Шапшандыққа, алғырлыққа үйренеді.Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау</p> <p>Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.</p>	
Серуенге дайындық	Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып,киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу.				
Серуен:			<p><b>3.Желге бақылау жасау. Бақылау</b></p> <p>Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.</p> <p><b>Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ».</b></p> <p>Еңбек іс-әрекеті</p>	<p><b>4.Аспанға бақылау жасау. Бақылау</b></p> <p>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-сұр,ал қазір -көкшіл)</p> <p>Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын «Қазым,қазым қаңқылда!»</b></p> <p>Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшандық таныта білдіруіне назар</p>	<p><b>5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Бақылау</b></p> <p>Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа</p>

			<p>Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>Тәжірибе мен сараптама</b> <b>«Жақсы, жаман»</b> Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау».</p>	<p>аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. <b>Дидактикалық ойындар.</b> <b>Тәжірибе мен сараптама</b> <b>«Көктемге арнап бояу табайық»</b> Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.</p>	<p>мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. <b>Қимылды ойын</b> <b>«Кілттер»</b> Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>Тәжірибе мен сараптама</b> <b>«Бұлт неге ұқсайды?»</b></p>
--	--	--	---	--	--

					Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.
Көктем серуен картотекасы. ( картотека қосымша тігілген)					
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары			1.Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.	1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.
	«Ұйқы ашар жаттығулары» картотекасынан.				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				

<p>Варитивтік бөлім</p>			<p><b>Білім беру саласы:</b> Вариативтік бөлім <b>Білім беру саласының бөлімі:</b> Әсемдік әлемі <b>Тақырыбы:</b> Табиғат әлемі Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген сүйеспеншілігін арттыру. Әсемдікті, әдемілікті көре білуге, табиғатты қорғап аялауға үйрету, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстарды түсінуге баулу. Балаларды бойында жанашырлық, қамқорлық қасиеттерді тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, ойын. <b>ҰОҚ барысы:</b> Жылулық шеңбері: Қуыр, қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш, Бас бармақ, Сен тұр - қозыңа бар! Балан үйрек- лағыңа бар! Ортан терек-құлыңыңа бар! Шылдыр шүмек – бұзауыңа бар! Кішкене бөбек – ботаңа бар! Түсіндіру: балалар, таңертең ұйқыдан тұрған кезде кімді көресіңдер? -далада, балабақшаға келе жатқанда нені көресіңдер? - дұрыс айтасыңдар, аспан, бұлт, ағаштар, құстар. -балалар, қалай ойлайсыңдар, аспан, бұлт, күн керек пе? -ия, дұрыс айтасыңдар, керек. Су, күн, ауа, жер, бұлтты бір сөзбен айтқанда – табиғат дейміз. -балалар, табиғат өлі және тірі</p>		
-------------------------	--	--	---	--	--

болып екіге бөлінеді екен.  
Кәне, барлығымыз қайталықшы:  
-өлі табиғат; тірі табиғат  
-өлі табиғатқа: жер, су, ауа, жел, күн, бұлт, құм, жаңбыр  
-ал, тірі табиғатқа: адамдар, құстар, өсімдіктер, ағаштар, құмырсқа, жәндіктер, тіптен мына сендердің топтарыңдағы гүлдер де тірі табиғатқа жатады екен.  
Жұмбақ жасыру:  
1. Дәмі де жоқ, түсі де жоқ, Онсыз адамның күні жоқ.  
-балалар, судың түсі мөлдір, таза зат. Дәмі жоқ. Суды біздер ішеміз, кір жуамыз, тамақ істейміз. Судың пайдасымол. Су түрлі өзгеріске ұшырайды, бұға айналады, бу қайтадан су күйінде жаңбыр болып жауады, сумұз олыпқатады. Су отты өшіре алады. Суды адам барлық тіршілігіне пайдаланады  
Құрылымдалған ойын:  
«Су»  
Шарты: суретпен жұмыс.  
Қорытынды: балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік?  
Сендерге ұнады ма?  
Табиғатты аялайық. Бүгін барлығың да жақсы қатыстыңдар, рахмет сендерге.  
Осымен оқу іс- әрекетіміз аяқталды. Сау болыңдар!



Ойындар, дербес әрекет.			<p><b>Құрылымдалған ойын «Телефон»</b>  <b>Мақсаты:</b> естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді. Сөздік қоры дамиды.  Күтілетін нәтиже:  Балалар ойынды ойнай отырып, қарым-қатынас дағдыларын түсінеді.  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін қимылды ойын: «Ормандағы аю»  <b>Мақсаты:</b> Балалар ептілікке, шапшаңдыққа дағдыланады.  Күтілетін нәтиже:  Балалар өлең мазмұнына сай қимылдар жасай біледі және шапшаң болуды үйренеді.  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>	<p><b>Құрылымдалған қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  «Автомобиль мен торғайлар»  <b>Мақсаты:</b>  Балалар жүру мен жүгіру және секіруге дағдыланады  Күтілетін нәтиже:  Балалар әр түрлі бағытта және әртүрлі секірудің түрлерін үйренеді.  4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</p>
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс			Әр баланың анықталған қажеттілігіне қарай жұмыс.	Аймұхан Айжұлдыз Үй және жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді атайды.	Дарханов Ернұр Желімдеу техникасын бастапқы дағдыларын игерген.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу				
Серуен			Серуен № 12	Серуен №13	Серуен № 14
Серуен картотекасынан. Таңертенгі серуен кезеңі бекіту					
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу .Ата-аналарға кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».				

«Ортаңғы» балабақшасы  
« \_\_\_\_\_ » ортаңғы тобының апталық 16.05-20.05.2022ж циклограмма

Өтепелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Балаларды қабылдау Аталармен әңгімелесу</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
<b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</b>	Құрлымдалған ойын: «Бұл қай мезгіл?» <b>Мақсаты:</b> күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Балабақша» <b>Мақсаты:</b> балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. 4К моделі, бала үні.	Пед жет ойын: «Әдептілік» <b>Мақсаты:</b> Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды біледі. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. 4К моделі, бала үні.	Құрлымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата алады, үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін біледі. 4К моделі, бала үні.
<b>ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген.</b>					
<b>Таңертеңгі гимнастика</b>	<i>Мамыр айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> <b>Мақсаты:</b> Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
<b>Таңғы ас</b>	<i>Ас құрамымен таныстыру. Ас құрамындағы дәрумендерді балаларға айтып түсіндіру. «Ас дәмді болсын!»</i>				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық</b>	<b>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</b> <i>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</i>				
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу</b>	<b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Сурет бойынша әңгіме. <b>Мақсаты:</b> Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың	<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жайдарлы жаз» <b>Мақсаты:</b> Балалар жаз мезгілі туралы өз	<b>.Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Кеңістікті бағдарлау. <b>Мақсаты:</b> Балалар кеңістікті бағдарлауға үйренеді. «Алға – артқа», «оңға -солға»	<b>.Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Ә.Дүйсенбеев «Жаз» өлеңі <b>Мақсаты:</b> Жаз мезгілінде болатын ерекшеліктер туралы түсініп айта алады.	<b>Құрастыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Жүк машинасы. <b>Мақсаты:</b> Балаларға көліктер туралы түсіне отырып, жүк машинасын

